

**"Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 18-04/323 бұйрығының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 18-3/852 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 2-4 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1 бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 18-04/323 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10750 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 20 сәуірінде ресми жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
- 3) осы бұйрықтың кәшірмесін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

*А. Мамытбеков*